

Осы жарияланым банктер мен олардың депозиттік өнімдерінің жарнамасы болып табылмайды, осыған байланысты банктердің атаулары жарияланбайды. Бұл мониторинг депозиттердің түрлері және мөлшерлемелері туралы жалпы ақпарат беруге бағытталған. Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры (ҚДКБҚ, Қор) алдарыңыздағы деректердің қаншалықты дәл, толыққанды, шынайы және өзекті екендігіне кепілдік бере алмайды. Өйткені олар екінші деңгейдегі банктердің сайттарына жасалған мониторинг негізінде алынған. Сонымен банк салымы шартын жасамай тұрып, таңдау жасалған банк туралы ақпараттарды нақтылап, нысықтап алу қажет. Тағы да еске саламыз, банктегі таңдап алынған салымға ақша салмай тұрып, сол депозиттің табыстылығы ғана емес, банктің өзінің қаржылық ахуалы қандай екендігін ескерген дұрыс болады. Мәлімет үшін: ҚДКБҚ сайтында банктердің рейтингі туралы ақпарат та жарияланған (<https://kdif.kz/kz/finansovaya-gramotnost/rating/>). Бұл банктер – Қазақстанның депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы қаржы институттары. Ал рейтингтерді халықаралық рейтингтік агенттіктер берген. Жинақ ақша туралы саналы шешім қабылдау үшін ҚДКБҚ шарттың талаптарын, оның ішінде депозитті толықтыру, одан қаражатты мерзімінен бұрын толық және ішінара алу талаптарын мұқият оқуға кеңес береді.

Жеке тұлғалардың теңгелік депозиттері бойынша 2025 жылғы наурыздағы сыйақы мөлшерлемелері

(депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердің сайттарына мониторинг жүргізу негізінде)

Банктердің сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру барысына жасалған шолу

31.03.2025 ж. қарай қалыптасқан деректер

Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры (ҚДКБҚ) әрбір банк өзінің депозиттік өнімдері бойынша пайыздық сыйақыларының мөлшерін өзінің ішкі депозиттік саясатына сәйкес белгілейтіндігін хабарлайды. Сонымен қатар банктер Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесі мен нарықтың басқа да қатысушыларының мөлшерлемелерінің өзгеруін де ескереді.

2025 жылдың наурыз айында депозиттер мөлшерлемесінің өзгеруіне бірнеше оқиғалар әсер етті, атап айтқанда:

1. ҚДКБҚ-ның сыйақы мөлшерлемелерінің шегін директивалық белгілеуден кетуі

2025 жылғы 1 наурыздан бастап ҚДКБҚ әдістемесі бойынша айқындалған жақсы капиталдандырылған банктерден кем санат үшін жеке тұлғалардың депозиттері бойынша теңгемен шекті мөлшерлемелерді белгілемейді. Олардың нарықтағы үлесі тұрақты емес, бірақ әрқашан аз.

Барлық банктер 2024 жылдың басынан бастап жеке тұлғалардың депозиттері бойынша мөлшерлемелерді дербес белгілейді. Бәсекелестік депозиттік нарықты қалыптастырудың негізгі кезеңі өтті: қазақстандық банктер депозиттер бойынша мөлшерлеме мәселелеріне неғұрлым салмақты қарай бастады және көптеген банктер үшін мөлшерлемелердің «шегі» болмағанына қарамастан, жалпы нарықтық деңгейді ұстанды.

Бұл ретте қаржылық тұрақтылыққа жәрдемдесу жөніндегі міндеттер шеңберінде банктердің салымшылардың ақшасы үшін зиянды бәсекелестігін шектеудің 2 құралы қалады, егер ол туындаса.

Біріншіден, бір жылдан астам уақыт бұрын енгізілген жүйелік тәуекел жарнасы нарықтағы барлық ойыншылардың әрекеттерін шығындар арқылы тиімді реттейді. Қаржы жүйесіндегі барлық банктер депозиттерді көптеп тартуға мүдделі болғандықтан, олар клиенттерге жоғары сыйақы мөлшерлемелерін ұсына алады. Олар орташа өлшемді нарықтық мөлшерлемеден асып кеткен жағдайда, жүйелік тәуекел үшін жарна төлейді, ал салымдарды нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеме бойынша тартатын банктер керісінше, Қорға төлейтін жарнасы бойынша жеңілдік алады.. 2024 жылдың қорытындысы бойынша осы құралдың арқасында Қазақстанның депозит нарығында шектен тыс басқыншылық әрекеттер байқалмады. ҚДКБҚ бұл құралды қолдануды одан әрі жалғастыруда.

Екіншіден, Қордың әдіснамасы бойынша капиталдануы жақсыдан төменірек санатқа жататын банктер орташа өлшемді нарықтық мөлшерлемеден және оған қоса рұқсат етілген, қосымша пайыздық спредтен де асып түскен жағдайда, жүйелік тәуекел үшін төленетін жарнаға қоса пропорционалды түрде **жоғарылатылған жарна** да төлейді. Бұл құрал теория жүзінде жеке тұлғалардың қаражаттары есебінен өздерінің өтімді активтерінің тапшылығын жоюға ерекше мүдделі болуы мүмкін белгілі бір санаттағы банктер арасында жағымсыз бәсекелестіктің туындауына жол бермейді. Бұл жарналардың механизмі – бұған дейін болған шекті мөлшерлемелердің қатаң шегімен салыстырғанда баптауы анағұрылым нәзік құралдар. Бұл жәй өтімділікті толтыруға ғана емес, нарықтық бәсекелестіктің дамуына және орнықты ақшалай қор жасауды қалыптастыруға жағдай жасайды.

ҚДКБҚ-ның жаңа реформасы туралы толығырақ Қор төрағасы Әділ Өтембаевтың сұхбатынан оқи [аласыз](#).

2. Базалық мөлшерлемені көтеру

2025 жылғы 7 наурызда ҚРҰБ ақша-кредит саясаты комитеті базалық мөлшерлемені 15,25% - дан 16,50% - ға дейін көтеру туралы шешім қабылдады.

31.03.2025 жылғы жағдай бойынша жүргізілген мониторинг нәтижелері бойынша банктер келесі сегменттер бойынша депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін қайта қарады:

- ✓ 5 банк – мерзімсіз депозиттер бойынша;
- ✓ 1 банк – мерзімді депозиттер бойынша
- ✓ 4 банк – толықтыру құқығы бар мерзімді депозиттер бойынша;
- ✓ 4 банк – толықтыру құқығы жоқ жинақ депозиттер бойынша;
- ✓ 1 банк - пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы депозиттер бойынша.



Мерзімсіз салымдар¹

Мерзімсіз депозиттердің танымалдылығы олардың икемділігімен түсіндіріледі. Өйткені одан кез келген уақытта төмендетілмейтін қалдыққа дейін ақша алуға болады және кез келген сомаға ақша салуға болады. Бұл депозиттер бойынша табыстылық инфляция деңгейінен жоғары.

Мерзімсіз депозиттерді депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы 19 банктің 16-сы қабылдайды. Осы сегментте мониторинг жүргізу кезінде бір айда бірнеше банк мөлшерлемелерді көтерді:

- ✓ 3 орташа банк (активтерінің мөлшері бойынша нарықта алатын үлесі 3-тен 10%-ға дейін қоса санағанда) —0,8, 0,7-ге және 0,5 п. т. тиісінше;
- ✓ 1 кіші банк (активтерінің мөлшері бойынша нарықта алатын үлесі қоса санағанда 3%-ға дейін) —0,7 п. т.;
- ✓ 1 ірі банк (активтерінің мөлшері бойынша нарық үлесі 10%-дан жоғары) —0,7 п. т.;

1-графика. Банкердің мерзімсіз депозиттер бойынша ұсынатын мөлшерлемелері (2025 ж. наурыз)



¹ мерзімдік талаптарға сәйкес келмейтін депозит - белгіленген мөлшерлеме бойынша депозит, талап еткенге дейінгі депозиттерді қоспағанда оны мерзімінен бұрын алу үшін айыппұл жеке тұлғалардың қайтадан тартылған депозиттері бойынша максималды сыйақы мөлшерлемесінің мөлшерін анықтау және бекіту әдістемесінде (Әдістеме) көзделген ең төменгі айыппұлдан төмен болады немесе мүлдем болмайды



Мерзімді депозиттер²

Мерзімді депозиттердің өзіне тән артықшылықтары бар: бұл талаптары өте икемді мерзімсіз депозиттер мен аса табысты жинақ депозиттердің арасынан орын алатын орташа нұсқа. Мерзімді депозиттер ақшалай қаражатты толық және ішінара алуға мүмкіндік береді, бірақ сыйақыны ішінара жоғалту шартымен. Алайда, егер сіз депозитте ақшаны салым мерзімі аяқталғанға дейін сақтасаңыз, онда көтеріңкі сыйақы мөлшерлемесі осы шектеулерді өтейді..


2025 жылдың наурызында 2025 жылдың ақпанымен салыстырғанда мерзімді депозит салуды ұсынатын банктер саны артты.

Қазіргі уақытта 5 банк мерзімді депозиттер тартады. Осылайша, нарық үлесі 10% - дан асатын бір ірі банктің желісінде сыйақы мөлшерлемесі 17,0% құрайтын толықтыру құқығы бар, жаңа мерзімді депозит пайда болды.

Осы сегменттің барлық қатысушыларында 12 айлық депозиттер бар, мөлшерлемелер диапазоны 11,9% - дан (ең төменгі) 14,9% - ға дейін (ең жоғары). Банктердің аз ғана бөлшегі мерзімді депозиттерді 3, 6, 24 айлық және одан жоғары мерзімге тартады, ал іріктеу ауқымы 24 ай мерзімінде ең аз 7% - дан 6 ай мерзімінде ең жоғары 17,0% - ға дейін.

2025 жылдың наурыз айында толықтыру құқығы жоқ мерзімді салымды ешбір қатысушы банк ашқан жоқ.

2-графика. Толықтыру құқығы бар мерзімді салымдар бойынша банктер ұсынатын мөлшерлемелер (2025 ж. наурыз)



² мерзімділік талабына сәйкес келетін депозит - шарттың талаптары бойынша Әдістемеде көзделген ең төменгі айыппұлдан кем емес мөлшерде мерзімінен бұрын алу үшін айыппұл салатын белгіленген сыйақы мөлшерлемесімен депозит.



Жинақ депозиттер

Банктер жинақ депозиттер бойынша едәуір жоғары сыйақы мөлшерлемесін ұсынады. Есесіне одан мерзімінен бұрын ақша алу және оған ақша салу талаптары қатал.

Жинақ депозиттер де толықтыруға болатын және толықтыруға болмайтын депозиттер болып, екі топқа бөлінеді. Төменде осы әрбір сегмент бойынша бір ай ішінде орын алған өзгерістер ұсынылған.




Толықтыру құқығы бар жинақ депозиттер

2025 жылдың наурызында бір орташа банк өзінің депозиттік желісіне жинақтау мүмкіндігі бар жинақ депозитін енгізді, осылайша сегменттегі банктер саны 10-ға дейін өсті. Ең жоғары мөлшерлеме 6 ай мерзімінде 17,0%, ең төменгі мөлшерлеме – 24 ай мерзімінде 5,1% құрайды.

2025 жылғы наурызда толықтыру құқығымен жинақ депозиттері бойынша 3 банк сыйақы мөлшерлемелерін көтерді:

- ✓ 1 кіші банк (активтерінің мөлшері бойынша нарықта алатын үлесі қоса санағанда 3%-ға дейін) – 6 ай мерзімде 0,2 п.т., 12 ай мерзімде 2,6 п.т.
- ✓ 1 орташа банк (активтерінің мөлшері бойынша нарықта алатын үлесі 3-тен 10%-ға дейін қоса санағанда) – 6 ай мерзімде 2,1 п.т.
- ✓ 1 орташа банк (активтерінің мөлшері бойынша нарықта алатын үлесі 3-тен 10%-ға дейін қоса санағанда) - 6 ай мерзімде 0,5 п.т.

3-графика. Толықтыру құқығы бар жинақ салымдар бойынша банктер ұсынатын мөлшерлемелер (2025 ж. наурыз)





Толықтыру құқығы жоқ жинақ депозиттер


11 банк қаражатты толықтыру құқығы жоқ жинақ депозиттерге орналастыруды ұсынады.

2025 жылдың наурызында ақпанмен салыстырғанда келесі өзгерістер болды:

- ✓ 1 орташа банк (активтерінің мөлшері бойынша нарықта алатын үлесі 3-тен 10%-ға дейін қоса санағанда) – 3 ай мерзімде мөлшерлемені 1,5 п.т. көтерді және 6 ай мерзімде мөлшерлемені 0,3 п.т. төмендетті;
- ✓ 1 орташа банк (активтерінің мөлшері бойынша нарықта алатын үлесі 3-тен 10%-ға дейін қоса санағанда) - 3 және 6 ай мерзімдерінде мөлшерлемелерді тиісінше 0,2 және 0,1 п. т. көтерді.;
- ✓ 1 кіші банк (активтерінің мөлшері бойынша нарықта алатын үлесі қоса санағанда 3%-ға дейін) – пайыздық мөлшерлемені келесідей өсірді: 3 ай мерзімге 1,2 п.т., 6 ай мерзімге 1,3 п.т. және 12 ай мерзімге 3,0 п.т.;
- ✓ 1 ірі банк (активтерінің мөлшері бойынша нарық үлесі 10%-дан жоғары) – мөлшерлемені 0,6 п. т. арттырды.

Толықтыру құқығы жоқ жинақ депозиттер сегментінде минималды мөлшерлеме 6,3%-ды (мерзімі 24 айдан жоғары) және максималды мөлшерлеме 18,5%-ды (мерзімі 6 ай) құрайды.

4-графика. Толықтыру құқығы жоқ жинақ салымдар бойынша банктер ұсынатын мөлшерлемелер (2025 ж. наурыз)






Пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы депозиттер

Бір орташа банкте пайыздық сыйақы мөлшерлемесі құбылмалы болып келетін банктік өнім пайда болды. Бұл өнімдердің ерекшелігі сол, мұнда табыстылық деңгейі тиянақты белгіленбеген. Сәйкесінше ол салымның мерзімі барысында өзгеруі мүмкін.

Құбылмалы мөлшерлеме екі құрамдас бөліктен тұрады: базалық көрсеткіш пен пайыздық спредтің қосындысы ретінде айқындалады. Бұл ретте Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесі немесе инфляцияның ресми көрсеткіші базалық көрсеткіш ретінде қабылдануы мүмкін. Пайыздық спредтің шамасын банк клиентпен шарт жасасу барысында бекітеді және салым мерзімін ұзарту кезінен басқа жағдайларда өзгертілмейді. Өз кезегінде базалық көрсеткіштің нақты мәні (мысалы, базалық мөлшерлеменің, инфляцияның әсерінен) салымның мерзімі барысында өзгеруі мүмкін. Сәйкесінше мөлшерлемесі құбылмалы депозиттер үшін табыстылық деңгейі тұрақты емес – мысалы, егер салымның мерзімі барысында базалық көрсеткіштің мәні төмендейтін болса, онда сыйақы мөлшерлемесі де төмендеу жағына қарай өзгертін болады.

Қазіргі уақытта банкте өзгермелі мөлшерлемесі бар 2 өнім бар. Пайыздық тәуекелдерді азайту үшін базалық көрсеткіштің (базалық мөлшерлеменің) өсуіне байланысты банк жаңадан тартылған салымдар үшін теріс спредті -0,25% - дан - 1,75% - ға дейін арттырды. Осылайша, ҚР ҰБ базалық мөлшерлемесінің өсуі және теріс спред аясында салымдар бойынша өзгермелі сыйақы мөлшерлемесінің өсуі 0,9 п. т. құрады.

5-графика. Пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы депозиттер салымдар бойынша банктер ұсынатын мөлшерлемелер (2025 ж. наурыз)



Тұжырымдар

2025 жылдың наурыз айында өткізілген банктер сайттарының мониторингі негізінде депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін арттыру көп жағдайда жалғасқанын атап өтуге болады.

Бұрын болғандай, өзгерістердің басым саны мерзімді емес депозиттер сегментінде орын алды. Бірден 5 банк депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесін көтеру жағына қарай қайта қарады. Қазіргі уақытта бүкіл сегмент бойынша ең жоғары мөлшерлеме 15,7% құрайды, 1 орташа қазақстандық банк салымды осындай пайызға орналастыруды ұсынады.

Сондай-ақ, бір ірі банктің осы сегменттегі ең жоғары мөлшерлеме бойынша депозитті орналастыру ұсынысымен толықтыру құқығымен мерзімді депозиттер сегментіне "кіруі" маңызды оқиға болды. Нәтижесінде қазіргі уақытта толықтыру құқығымен мерзімді депозиттерді тартумен 5 банк айналысады.

Толықтыру құқығынсыз жинақ депозиттері бойынша сыйақы мөлшерлемелері негізінен өсуде. Осылайша, 3 банк сыйақы мөлшерлемесін 0,6-дан 3,0 п.т. аралығында көтерді, барлық өзгерістер 3-тен 12 айға дейінгі қысқа мерзімде болды, тек бір банк мөлшерлемені 6 ай мерзімде 0,3 п.т. шамалы төмендетті.

Қазақстандағы инфляция 2025 жылғы қаңтарда 8,9%, ал ақпанда 9,4% құрап, 0,5 п.т.-ға өсті. Инфляцияның ағымдағы деңгейі мен нарықтағы мөлшерлемелердің арақатынасы теңгелік салымдар бойынша қосымша нақты табыстылықты қамтамасыз етеді. Ал ҚДКБҚ кепілдігінің болуына байланысты депозиттер азаматтардың жинақтарын сақтау және ұлғайту үшін тартымды және қолжетімді қаржы құралы болып қала береді.

ҚДКБҚ кепілдік берілген өтем сомасы депозиттің түрі мен валютасына байланысты және мынаны құрайтынын хабарлайды:

- ✓ теңгелік жинақ салымдар (депозиттер) бойынша – **20 млн теңгеден;**
- ✓ теңгедегі өзге салымдар, шоттар, карточкалар бойынша – **10 млн теңгеден;**
- ✓ шетел валютасындағы шоттар, карточкалар ж/е салымдар бойынша – **5 млн теңгеден асырылмайды.**

Егер салымшының бір банкте әрқалай валютада әртүрлі бірнеше салымы бар болса, сол банк лицензиясынан айырылған жағдайда Қор әрбір салым бойынша белгіленген максималды кепілдік сомасын ескере отырып, салымшыға жиынтық кепілді өтем төлейді. Бірақ оның мөлшері 20 млн теңгеден асырылмайды.